

## Журналистерді аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 26 шілдеде № 8581 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 368-НҚ бұйрығымен.

### Журналистерді аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 22.08.2024 № 368-НҚ (20.08.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 4-3-бабының 12) тармақшасына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса ұсынылып отырған Журналистерді аккредиттеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес мәдениет және ақпарат саласындағы кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті:
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен ресми жариялануын;
  - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2013 жылғы 21 маусымдағы  
№ 138 бұйрығымен  
бекітілген

**Журналистерді аккредиттеу қағидалары**

*Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 11.03.2021 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Журналистерді аккредиттеудің осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 4-3-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының (бұдан әрі – аккредиттеуші ұйым(дар) ) бұқаралық ақпарат құралдарының журналистерін аккредиттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу – журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның тануы;

2) бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және оны шығару мен таратуға, эфирге шығаруға тиісінше өкілеттігі бар жеке тұлға;

3) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна , киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда , бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны;

4) бұқаралық ақпарат құралының редакциясы – бұқаралық ақпарат құралына материалдар жинауды, дайындауды және шығаруды жүзеге асыратын жеке тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;

5) журналист – еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

6) жүргізуші – іс-шараға қатысушылардың іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті тұлға;

7) меншік иесі – бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және ( немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі.

### **2-тарау. Журналистерді аккредиттеу тәртібі**

3. Журналистерді аккредиттеу Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелетін журналистердің тұрған жеріне және тұрақты тұратын жеріне қарамастан аккредиттеуші ұйымның жанында өткізіледі.

4. Журналистерге тұрақты аккредиттеу кемінде бір жыл мерзімге беріледі.

Тұрақты аккредиттеу мерзімі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініште көрсетіледі.

5. Аккредиттеуші ұйымның жанында журналисті тұрақты аккредиттеу үшін бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не редакциясы аккредиттелетін журналистің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Өтінішті қарау мерзімі Қағидалардың осы тармағында көзделген құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнін құрайды.

6. Уақытша аккредиттеу журналистерге нақты редакциялық тапсырманы орындау үшін немесе тұрақты аккредиттелген журналист ауырған жағдайда, демалыста, іссапарда немесе нақты іс-шараны жариялау үшін қажетті мерзімге беріледі.

7. Аккредиттеуші ұйымның жанында журналисті уақытша аккредиттеу үшін бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не редакциясы аккредиттелетін журналистің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

8. Аккредиттелетін журналистің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса берілген аккредиттеу туралы өтініш қағаз жеткізгіште тікелей аккредиттеуші органға не электрондық форматта оның ресми интернет-ресурсына беріледі.

Егер өтініш бұқаралық ақпарат құралы редакциясының өкілінен берілген жағдайда, өтінішке аккредиттелетін журналистің жеке басын куәландыратын құжаттан басқа, журналистке аккредиттеу жүргізуге редакция өкілінің өкілеттігін растайтын құжат қоса беріледі.

9. Өтінішті қарау нәтижесі оң болған жағдайда аккредиттеуші ұйым өтініш берушіні журналистің аккредиттелгені туралы жазбаша және (немесе) электрондық түрде хабардар етеді.

10. Тұрақты аккредиттеу рәсімінен өткен журналистер туралы мәліметтер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттелген журналистер тізіліміне енгізіледі.

Аккредиттелген журналистердің тізілімі аккредиттеуші ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

11. Аккредиттеуші ұйым журналисті аккредиттеуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) осы Қағидалардың 5, 7, 8-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбау;

2) бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтата тұру не тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

3) Заңның 4-3-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган жүргізетін есепке қойылған мерзімді баспасөз басылымдарының, ақпараттық агенттіктердің, интернет-ресурстардың тізілімінде және (немесе) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес бекітілетін ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесіне сәйкес теле-, радиоарналардың есепке қойылған ашық деректерде болмауы.

12. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не редакциясы аккредиттелген журналисті басқа журналистпен ауыстырған жағдайда, оны аккредиттеу осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жүргізіледі.

13. Журналистпен еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт бұзылған жағдайда бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі не редакциясы шарт бұзылған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде аккредиттеуші ұйымды жазбаша немесе электрондық нысанда хабардар етеді.

14. Заңның 22-бабының 2-тармағына сәйкес аккредиттеуші ұйымдар аккредиттелген журналистерді:

1) бұқаралық ақпарат құралының электрондық мекенжайына іс-шаралар туралы алдын ала хабарлаумен:

жоспарлы – екі жұмыс күнінен кешіктірмей;

жоспардан тыс – оларды жүргізу туралы шешім қабылданған сәттен бастап екі сағат ішінде;

2) мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызылған мәліметтерді қамтитын олардың фрагменттерін қоспағанда, стенограммалармен, хаттамалармен, құжаттармен және материалдармен қамтамасыз етеді.

15. Аккредиттелген журналистің іс-шараларға қол жеткізуін аккредиттеуші ұйым журналистің куәлігін көрсету бойынша қамтамасыз етеді.

16. Іс-шараға қатысушылардың тақырыпты (мазмұнды), уақытша регламентті, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтауын жүргізуші қамтамасыз етеді.

17. Аккредиттелген журналист Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда аккредиттеуден айырылады.

18. Журналисті аккредиттеуден айыру туралы шешім жазбаша ресімделеді және оның себептерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы болады.

Журналисті аккредиттеуден айыру туралы шешім журналисті аккредиттеуге өтініш берілген бұқаралық ақпарат құралының меншік иесіне не редакциясына

аккредиттеуді тоқтату туралы шешімге қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Журналистерді аккредиттеу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_

кімге (аккредиттеуші ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_

кімнен (бұқаралық ақпарат  
құралының атауы)

**Журналисті (журналистерді) тұрақты аккредиттеу туралы Өтініш**

Сізден журналисті (терді) аккредиттеуді сұраймын \_\_\_\_\_.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), телефон, факс нөмірі, электрондық мекенжайы, аккредиттеу кезеңі)

Бұқаралық ақпарат құралы туралы мәліметтер:

1) бұқаралық ақпарат құралының атауы: \_\_\_\_\_;

2) бұқаралық ақпарат құралының заңды мекенжайы (жеке тұлғаларға) және орналасқан жері (заңды тұлғаларға): \_\_\_\_\_;

3) бұқаралық ақпарат құралының телефон, факс нөмірлері, электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_.

Қоса ұсынылған құжаттар: аккредиттелуші журналистің жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі.

Өтініште аталған журналист (-тер) \_\_\_\_\_

(бұқаралық ақпарат құралының атауы) жұмыскерлері болып табылатынын растаймын.

\_\_\_\_\_

(бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе бас редакторының ( редакторының) және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының уәкілетті өкілінің қолы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Журналистерді аккредиттеу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_

кімге (аккредиттеуші ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_

кімнен (бұқаралық ақпарат  
құралының атауы)

**Журналисті (журналистерді) уақытша аккредиттеу туралы Өтініш**

Сізден журналисті (терді) аккредиттеуді сұраймын \_\_\_\_\_.  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), телефон, факс нөмірі, электрондық мекенжайы, іс-шараның атауы және өткізу мерзімі)

Бұқаралық ақпарат құралы туралы мәліметтер:

- 1) бұқаралық ақпарат құралының атауы: \_\_\_\_\_;
- 2) бұқаралық ақпарат құралының заңды мекенжайы (жеке тұлғаларға) және орналасқан жері (заңды тұлғаларға): \_\_\_\_\_;
- 3) бұқаралық ақпарат құралының телефон, факс нөмірлері, электрондық мекенжайы: \_\_\_\_\_.

Қоса ұсынылған құжаттар: аккредиттелуші журналистің жеке басты куәландыратын құжатының көшірмесі.

Өтініште аталған журналист (-тер) \_\_\_\_\_  
(бұқаралық ақпарат құралының атауы) жұмыскерлері болып табылатынын растаймын.

\_\_\_\_\_ (бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе бас редакторының ( редакторының) және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының уәкілетті өкілінің қолы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Журналистерді аккредиттеу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

### **Аккредиттелген журналистер тізілімі**

№	Журналистің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бұқаралық ақпарат құралының атауы	Аккредиттеудің қолданылу мерзімі
...			
...			
...			

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрінің

2013 жылғы 21 маусымдағы

№ 138 бұйрығына

қосымша

**Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат саласындағы күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізімі**

1. "Мемлекеттік органдардың немесе өзге ұйымдардың жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу

туралы" Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2000 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1037 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі міндетін атқарушысының № 1037 болып тіркелген 2000 жылғы 5 қаңтардағы № 1 "Мемлекеттік органдарының немесе өзге ұйымдарының жанында бұқаралық ақпарат құралдарының және ақпарат агенттіктерінің журналистерін тіркеу туралы "Ережені бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы № 75 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу № 3397).

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің 2005 жылғы 24 қарашадағы № 296 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу № 3967, "Юридическая газета" газетінде 2005 жылғы 23 желтоқсанда жарияланған, № 240-241).